

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LJFD7525>**Ғ. Е. Имамбаева¹, Н. А. Шахметова², А. Б. Ахметова³**¹Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.²Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.³Сегед университеті, Мажарстан, Сегед қ.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ

Ғылыми мақала тіл білімінің жаңа саласы болып табылатын мәтін лингвистикасының мәселелерінің біріне арналады. Мақалада қазақ тіл біліміндегі етіс категориясы төңірегінде қалыптасқан ғылыми көзқарастарға аналитикалық шолу жасалады: етіс категориясын көне категория ретінде белгілеу, ырықсыз етістің лексикалық мағынасын сипаттау, актив-пассив формаларының семантикалық, синтаксистік және функционалдық ерекшеліктерін айқындау мәселелері қарастырылады. Ырықсыз етістің семантикасын айқындап беретін лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері функционалды-семантикалық өріс аясында талданады, яғни кешенді түрде қарастырылады. Етіс лексика-грамматикалық категорияға жататындығы – оның жасалуы етістіктің мағынасымен байланысты екендігімен анықталады. Етістіктің түрлі лексика-семантикалық мағынасы әртүрлі етіс түрлеріне ие болады. Әр етіс тиісті лексика-синтаксистік етістік қоршауымен сипатталады. Сонымен қатар, етістік лексикасы мен олар басқаратын синтаксистік бөлшектер құрылым жасайды. Құрылым ядролық етістік лексикасынан туатындығы сөзсіз. Ұсынылып отырған мақалада етіс жүйесінде етістік зерттеуі сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен лексикалық түрімен қатынастығын көрсетуге мүмкіндік беретін, тірек элементі ретінде қарастырылады, яғни ядро сөйлем шыңы болып, сөйлемде жағдаят ядромен белгіленеді. Осы орайда, зерттеуде ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі функционалдық қызметіне аса назар аударылады.

Кілтті сөздер: етіс категориясы, ырықсыз етіс, лексикалық мағына, актив құрылымы, пассив құрылымы, функционалдық-семантикалық өріс.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде етіс жайлы бірсыпыра ғылыми зерттеулерді сөз етсек, бұл көне категория төңірегінде әртүрлі пікірлердің болғандығын аңғарамыз. Қазақ тіліндегі етіс категориясының ерекшеліктері жайлы С. Исаев, А. Қалыбаева (Хасенова), Б. Құлмағамбетова, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, Ә. Төлеуов, С. Аманжолов, А.С. Аманжолов еңбектерінде көрініс тапса, Н.А. Басқаков, А. А. Азер, А.К. Алиев, А. Н. Кононов, К. М. Любимов, Б. А. Серебренников, С. А. Соколов, У. Турсунов, Ж. Мухторов, А. Х. Фатыхов, С.А. Фердаус, Б. Чарьяров, Э. В. Севортян, Н. П. Дыренкова, А. А. Юлдашев, Х. Якубова зерттеулерінде етістің түркі тілдес халықтар тілдеріндегі өзіндік табиғаты қарастырылған.

Қазіргі қазақ тіл білімінде етіс категориясы төңірегінде толық зерттелмеген жақтарына байланысты, күрделі мәселелердің бірі болып қарастырылады. Бұған етіс категориясын анықтау, етіс категориясын белгілеу, оның семантикасы мен түрлер сипаттамасының қарама-қайшылықтары, актив-пассив формаларының сандық жүйесі, олардың семантикалық пен функционалдық ерекшеліктерін меңгере отырып, арақатынастығын, белсенділік мағына мен көңіл-күй етістіктердің өзара шектелу жақтарына қатысты мәселелер жатады.

Аталмыш мақалада барлық тілдерде бар ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі өзіне тән функционалдық қызметін сипаттауды жөн көрдік.

Зерттеудің нысаны: ырықсыз етіс катеориясы

Зерттеудің пәні: ырықсыз етістің көркем шығарма тіліндегі функционалдық рөлі

Мақсаты: көркем шығарма негізінде ырықсыз етістің функционалдық қызметін анықтау

Міндеттері:

- етіс категориясы турасында қалыптасқан ғылыми көзқарастарға аналитикалық шолу жасау;
- ырықсыз етістің лексикалық мағынасын сипаттау;
- актив-пассив формаларының семантикалық, синтаксистік және функционалдық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Пассив (ырықсыз) етіс – субъекті-объектілік қатынастарды көрсететін, лексика-грамматикалық категория ретінде сипатталады. Етіс қазақ тілі грамматикасында етіс категориясы ретінде анықталып, сөйлем құрамында етістік басты рөл атқарумен қатар, сөйлемнің шыңы мен тірек сөзі ретінде қабылданады. Демек, пассив (ырықсыз) етіс грамматикалық категория бола тұра, функционалдық тұрғыдан да қарастырылады. Осыған байланысты,

ФСӨ – функционалды-семантикалық өріс аясында етіс семантикасын шығаратын (морфологиялық, синтаксистік, лексикалық) тең деңгейлі элементтерінің өзара ықпалы мен байланысын қарастыруға мүмкіндік береді. ФСӨ-сі сатылай құрылым болып, орталық (ядро) мен сыртқы қоршауға бөлінеді. Функционалды-семантикалық өріс ядросы актив пен пассив қайшылықтарымен белгіленеді [1, 75 б.]. Пассивтің микроөріс орталығы ырықсыз етіс формасымен көрсетіледі. ФСӨ құрылымы орталық пен сыртқы қоршау бөлшектері арасында нақты шектеудің жоқтығымен, орталықтан сыртқы қоршауға ауысу мүмкіншілігімен сипатталады. Сөйтіп, құрылымдық сатылы өрістің тиісті сатысына тілдік құралдарды бөлгенде, кейбір қиындықтар туады. Пассив (ырықсыз) етіс категориясы, етістіктің сөз өзгерту формасы бола тұра, сабақты етістік парадигмасының бөлшегіне жатады. Қазақ тілінде етіс жүйесі негізгі мен ырықсыз етіс қайшылығымен көрініс табады. Етіс қайшылықтары етістік формасымен берілген, бастауыш пен үрдістің байланыс түрлері бойынша, немесе қимыл иесі – бастауыш пен іс-әрекет баяндауыш арасындағы қарама-қарсылықты белгілейді.

Жалпы тіл білімінде ырықсыз етіс түрі барлық түркі тілдес, якут тілінен басқа, халықтарының тілінде бар екендігі айтылады. Негізінен, сөзжасамдық құрылымы бойынша, біртүбірлес етістіктерден, мысалы, әртүрлі мағынада тұрған: «жоғал»–«жойылу, жоғалып кету» мен «жойып тастау, қырып кету», немесе «түзіл» – «бір нәрсені түзету», «өз-өзін дұрыс жолға салып, түзеу» сияқты қимылды білдіретін сабақты етістіктердің көңіл-күй мағынасындағы салт етістіктерге ауысқандығын байқаймыз. Сонымен, ырықсыз етіс тұлғасы, көбінде, негізгі етіске қарама-қарсы болып келеді. Осыған байланысты, сабақтылық пен салт ұғымдары, белсенді қимылды білдіретін етістіктердің көңіл-күй мәніндегі етістіктерге қарама-қайшылық орын алады. Тіл білімінде ырықсыз етістің пассив ұғымының иегері болуымен байланысты, бұл етіс түріне белгілі тілші-ғалымдар: Ш. Бектұров пен М. Серғалиев берген анықтамасын келтіруге тура келеді. «Істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс деп аталады», – деген [2, 111 б.].

Ырықсыз етіс қызметінде сөйлем бастауышы іс-әрекет жасаушысы болмай, тек қана оған бағытталған, объект күйіндегі, қимыл иегері болып, көрінеді. Мысалы: «су жерге сінді», «киім жыртылды», «тас жарылды» т.б. Бұл сөйлем мағыналарының жалпы ерекшеліктерінің бірі – қимыл-әрекет, істің иегерісіз, өзбетінше, жасалып жатқанында жатыр. Ырықсыз етістің -ыл, -іл, -л жұрнақтары (шымылдық ілінді), кейде -ын, -ін, -н (көше тазаланды) жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалатындығын білеміз. Мұндай жағдайда, жоғарыда көрсетілгендей, сабақты етістік салт етістікке айналады. Сондай-ақ, ырықсыз етіс жұрнақтарының сөйлем ішіндегі жақсыз

қимылды, мысалы: «ашылды», «жарылды», «жыртылды», көрсетумен қатар, белсенді іс-әрекет білдіретін етістіктерді, ырықсыз етіс табиғатына жақын көңіл-күй етістіктерге айналдыру қызметі айқын көрініс табады. Кейде белсенді қимылды білдіргенде, сол әрекеттің иегері көрінбей, бар болуы тек логикалық ойға тіреледі. Бұндай жағдайда, ырықсыз етіс табиғатының мынадай ерекшеліктері бірден көзге түсуі мүмкін. Етістің сөйлемде атқаратын қызметтік ерекшеліктерін бірден, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінділер келтіру арқылы байқауға болады. Мысалы: «Бір мезгілде орман жақтан бір үрейлі дауыс шыққан секілденді» [3, 179 б.]. «Бірақ дыбыс білінбейді» [3, 179 б.]. «Ұлыған дауыс анық толастап бара жатады да, тағы да естіледі» [3, 179 б.]. «Алты от Ақбілекке алпыс оттай көрінді» [3, 180 б.]. Көркем шығармадағы сөйлемдерді талдап қарасақ, бұл сөйлемдер арқылы жеткізіліп отырған оқиғаның жағдаятына қарай, етіс формасындағы етістікпен беріліп тұрған қимыл, өзбетінше, өтіп жатқан әрекет амалына ұқсайды. Тіл білімінде бұндай қимыл медиопассив формасына тән болып, іс жасаушы анық көрініс таппай, оның барына логикалық оймен жетеміз, мұнда медиопассив ағысынан пассивке ауысу құбылысы байқалса, нақты ырықсыз етіс сөйлемдерінде медиопассивке нағыз іс-әрекет жасаушымен өтетін қимыл қарама-қайшылыққа келеді.

Ырықсыз етісте -ыл, -іл, -л жұрнақтарымен кең таралған, кейбір етістіктер түрі, мысалы: «ашылу, басталу, бұзылу, үзілу» субъектімен мүлдем байланыспай, көрсететін қимылда субъектісі орын алмайды, олардың қатысуымен жасалған сөйлемде қимыл-әрекет өзінен-өзі өтетін құбылыс ретінде қабылданады, мысалы: «аспан ашылды», «ел бұзылды», «жол екі жаққа бөлінді» т.б. Басқа етістіктер болса, субъектісі көрінбей, белгісіз, жақсыз қимылды білдіру арқылы өндірушісі жоқ, толық белсенді іс-әрекетті көрсетеді. Айтылған ойымызды келесі мысалдар дәлелдейді: «сөз айтылды», «жер түзелді» т.б.

Келтірілген мәліметтер төңірегіндегі баяндауларды жинақтай келгенде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады: пассивтің субъектісіз құрылымдары негізгі диатеза бола тұра, қазіргі қазақ тілінде ырықсыз етіс жасауда нақты орныққан. Олар сөйлеу тілінің ауызша, жазбаша түрінің барлық жанрларына тән болып келеді. Осыған байланысты, субъектісіз ырықсыз етіс семантикалық жағымен, етістің негізі ретінде медиопассивке жақынырақ болып, өзінің тамырымен тілдің терең тарихи дамуымен ұштасады. Сондай-ақ, субъектісіз ырықсыз етіспен қатар, үш мүшелі пассивтік құрылымдар кітаби стильде пайда болып, орнықты.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс кең қолданыс пен тұрақтылығымен, сонымен бірге, басқа етістерге қарама-қайшылықта тұрғанымен сипатталады [4, 35 б.]. Осындай ерекшеліктеріне қарамастан, ырықсыз етісті таза грамматикалық

категорияға жатқызу қиындыққа түседі. Қазіргі қазақ тілінде сөздің лексикалық мағынасын бұзып алмау үшін құрамындағы жұрнақтары сақталған бұл етістің түрі кейбір жағдайларда ырықсыз етіс түрінде, кейде лексикалық туынды бірлік ретінде қолданыс табады. Ойымызды дәлірек жеткізу үшін, төмендегідей мысалдар келтіруге болады: «берілу» сөзі мынадай мағынада қолданылады:

а) бір нәрсені табыс ету, беру;

ә) бір кәсіпті қатты ұнатып, қызметін жақсы атқару.

«ашылу» - а) ағару, ашық болу; ә) тазару, көңілі жадырап, қуану.

Қазіргі қазақ тілінде қызметі мен қолданысы кең тараған ырықсыз етістің көнелігі мен терең тарихы түркі тілдес халықтарының тілдерге бөлінбеген кезеңінен шығу жағы бастау алады. Етіс құрылымының семантикалық-синтаксистік сипаттамасына тоқтасақ, тіл білімінің пассив (ырықсыз) етіс зерттеу жүйесінің негізінде етіс семантикасы, морфология мен синтаксис жөніндегі, морфология мен семантиканы, морфология мен синтаксисті біріктіретін тілдік салаларының тиісті қағидалары жатыр. Жалпы алғанда, қазақ тілі грамматикасы бойынша, пассив (ырықсыз) және актив (ырықсыздан басқа түрі) қарама-қарсы қойылып, сонымен қатар, олардың қолданыс тәсілдері салыстыру арқылы анықталады. Лингвистика көлемінде – актив етісі бойынша қимыл-әрекетті жасаушы бастауыш болса, мысалы: «Ақбілек көзі бажырайып, не дерін білмей сасып қалды» [3, 176 б.]. «Ақбілек кірпігін жыпылықтатып, жерге қарады» [3, 176 б.].

Ж. Аймауытов шығармасынан алынған сөйлемдерде қимыл-әрекет жасаушы – жалқы зат есіммен берілген, романның басты кейіпкері – Ақбілек тұрлаулы сөйлем мүшесі бастауышпен көрсетілгендігін байқаймыз. Пассив (ырықсыз) етісте – бастауыш қимыл жасаушы емес, іс-әрекет өзбетінше өткендігі байқалады. «Бірақ қайғы ұмытылған жоқ, оның үстіне жаңа қайғылар жамалды» [3, 252 б.]. «Енді Ақбілек табылып, үйіне келген соң, оның сорлы болған түрін көрген соң, оның масқаралығын ойлаған соң, ақсақалдың намысы қайта қозғалды» [3, 258 б.].

Көркем шығармадан алынған сөйлемдерді салыстырғанда, сөйлемдер көлемінде көрсетілген іс-әрекет қарама-қайшылықта тұрып, бірінші сөйлемдерде нақты қимыл көрініс тапса, екінші сөйлемдерде қимылға тап болған әрекет. Тіл білімінде пассив пен актив етіс ұғымдары қарама-қайшылықта тұрғанымен байланысты, солардың қатысуымен құрастырылған сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібінде де айырмашылықтар бар, мысалы: Әкем үй салды – (негізгі етісті сөйлем). Үй әкеммен салынды (ырықсыз етісті сөйлем). Бұл сөйлемдерді салыстыра отырып, байқағанымыз: сөйлемнің екеуінде қимыл-әрекет білдіретін етістік сөз табы сөйлем аяғында болғанымен, бірінші негізгі етісті сөйлемде зат есім арқылы берілген

бастауыш сөйлемнің басында болып, содан кейін қимылы бағытталған объект тура толықтауышпен беріледі.

Ырықсыз етісті сөйлемде қимылға түсетін (үй) зат аталып, тура толықтауышта тұр. Істі істеуші (әкеммен) бастауыш рөлін жоғалтып, көмектес септігіндегі толықтауышқа айналады. Етісті сөз еткенде, морфологиялық категорияның синтаксистік құбылыс қатарымен тығыз байланыстығын көруге болады. Демек, етіс аффикстерінің негізгі қызметі – іс-әрекеттің субъектіге немесе объектіге қатысын білдіретін етіс формаларын тудыру болып саналады.

Жалпы, тіл білімінде етіс құрылымына сипаттама жасау нәтижесінде негізгі етіс құрылымының тура толықтауышы ырықсыз етістің бастауышы, ал негізгі етістің бастауышы ырықсыз етіс құрылымында агенттік толықтауыш болатындай қабілетін көрсететін, пассив құрылымы өзгерілген, мағынасы керісінше болатын, негізгі етістің қарама-қарсы құрылымы ретінде қабылданады.

Ойымызды дәлелдей келгенде, пассив (ырықсыз) пен актив (негізгі) етістерді салыстырғанда, қарама-қайшылыққа іс-әрекеттің екі түрі түседі: біреуі – іс-әрекетті жасау, екіншісі – іс-әрекетке бағына, тап болу. Пассив пен актив құрылымдарында етістік сөйлем аяғында нақты орнығып, сөздердің орын тәртібінің өзгерісіне, тек қана, бастауыш пен толықтауыш рөліндегі сөздер ұшырауы мүмкін. Етіс құрылымдарында етістік сөйлемнің шыңы мен тірегі ретінде көрініс табады. Сонымен, етісті зерттеу негізінде назардан тыс қалмайтындарға тікелей етістік сөз табы жатады, етістік формалары мен етістікті бастауышпен байланыстыратын семантикалық қатынас, немесе етістіктің ядролық элемент ретіндегі басқа сөздермен байланысы да менгеріледі.

Біздің байқауымызша, етіс лексика-грамматикалық категорияға жататындығы – оның жасалуы етістіктің мағынасымен байланысты екендігімен анықталады. Сондықтан, пассив (ырықсыз етіс) құрылымын жасауда лексиканың тиісті ықпалы бар. Қазіргі тіл білімінде пассивке – баяндауыш рөлін арнайы пассив формасы: етістік пен объект негізінде бастауыш болған, толықтауыш рөлін субъект атқаратын осындай құрылымдар жатады. Әр етістіктің етіс парадигмасы оның лексикалық мағынасымен анықталады. Етістіктің түрлі лексика-семантикалық мағынасы әртүрлі етіс түрлеріне ие болады. Екінші жағынан, әр етіс тиісті лексика-синтаксистік етістік қоршауымен сипатталады. Сонымен қатар, етістік лексикасы мен олар басқаратын синтаксистік бөлшектер, жинақтала келе, құрылым жасайды. Құрылым ядролық етістік лексикасынан туатындығы сөзсіз. Қазіргі таңда етістік лексикасының элементі ретінде кейбір етістіктерді, сонымен қатар, сөйлем мен сөз тіркесі құрамындағы етістіктерді зерттеу талап етіледі.

Етіс жүйесінде етістік зерттеуі сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен лексикалық түрімен қатынастығын көрсетуге мүмкіндік беретін, тірек элементі ретінде қарастырылады, яғни ядро сөйлем шыңы болып, турасын айтсақ, сөйлемде жағдаят ядромен белгіленеді [1], [5].

Жоғарыда айтылғандай, сөйлемнің ұйытқысы болып табылатын етістік оның ядросы, қалған мүшелер сол ядроға тәуелді, яғни оның қоршалымдары болып табылады. Қазіргі кезде баршамызды аса қызықтыратын шет тілі ғалымы Л.Теньердің шығарған актант теориясы бойынша, етістік сөйлем құрамында орталық орын алып, оның басқа элементтерін өзіне бағындырып отырады. Функционалдық тұрғыдан, Л. Теньер ядро мен оның қоршалымы қарама-қайшылықта болатындығын көрсетеді [6]. Демек, аталған құбылыстарды байланыстыратын ортақ нәрсе – тіркесу заңдылығына бағынатын, етіс категориясының функционалдық қызметі. Тіл білімінде етістіктердің пассив түрін активке қарама-қарсы қоятын, пассив құрылымы сабақты актив құрылымының туындысы деген ғылыми пікірлер бар. Етіс категориясына тән болатын, етістік сөз табы толық сөйлем құрастыруда ерекше рөл атқарады.

Ырықсыз етісті сөйлемде функционалдық тұрғыдан қарастырғанда, ырықсыз етісті сөйлемнің тұрлаусыз сөйлем мүшесі – толықтауыш болмаған кезде, пассив арқылы біткен қимылдан кейінгі жағдай көрсетіледі. Мысалы: «Ертеңіне барып ЗАГС-ке жазылдық» [3, 332 б.]. «Х-ның бір қулығы ма деп, сақтандым» [3, 323 б.]. Кейбір жағдайларда пассив (ырықсыз етіс) аяқталмаған істі көрсетумен қатар, берілген қимыл үрдісін аяқталу кезінде сипаттайды.

Шынын айту керек, келтірілген мысалдардан байқағанымыз – сабақтылық етістік пен объект күйінде тұрған зат есім табының сөз тіркесі ретінде анықталады. Алайда сабақтылық, анығырақ айтқанда, сабақты етістік дегеніміз, синтаксистік құрылымында, басқа сөздермен тіркесе отырып, лексикалық мағынасынан шығып, ішкі бірлікті сақтауымен сөйлем шеңберінде өзіндік көрініс табады.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс арқылы қимылдың субъектісі мен объектісі сөйлемдегі етістік сөз табына қарай, өзінің қатыстығын өзгертеді. Мысалы: «Бейне құйын жүрген су жүзіндей толқындап, жыбырлап, сыбырлап барып басылады...» [3, 326 б.].

Тіл білімінің етістікке қатысты зерттеулерінде етістік ядросы екі түрлі формамен: бір ғана етістікпен, екіншісі, күрделі етістік тобымен беріледі. Бір сөзбен берілетін етістік ядросына шығармадан мынадай сөйлемдер келтіруге болады: «Есепке кірмей, емін-еркін тиетін ішек-қарын, өкпе, көтен, мойындар да қылға тізілді» [3, 290 б.]. «Үш бала бір жақ, ана қатын бір жақ секілді көрінді» [3, 290 б.].

Етістік ядросының күрделі түрімен келетіндігін төмендегі сөйлемдер дәлелдейді. «Сөйтіп, өрік бір жақ, ауыл бір жақ болуға айналды» [3, 291 б.]. «Оның бәрін де Ақбілек елең қылмас еді, Ақбілектің жанына бататын қылықтары да көріне бастады» [3, 291 б.].

Сөйлемдерді талдау барысында байқағанымыз: актив (негізгі етіс) құрылымдағы жансыз зат есімнің бастауышы пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш рөлін атқарады. Бұл құрылымдарда етістік сөйлем шыңы ретінде, ядро, яғни тірек элементі болып, белгіленеді. Жанды зат есімнің бастауышы актив (негізгі етіс) құрылымында жекеше түрде болып, пассив (ырықсыз етіс) құрылымында толықтауыш ретінде қолданыс табады. «Ақбілек мұнайып, төмен қарады» [3, 341 б.]. «Ақбала сөзін бастады» [3, 314 б.] – актив (негізгі етіс) құрылымы.

Жалпы, пассив пен актив құрылымдары қатарлас қарастырылады. Етістіктердің пассив құрылымдарын етіс жүйесінде етістіктерді зерттеуі, негізінде сатылы принцип болатын, сөйлемнің синтаксистік құрылымын жасай алатын, олар тірек элементі (ядро) сияқты қолданылатынын көрсетеді.

Пассив құрылымдарында нақты лексикалық субъект бастауыш күйінде болуы мүмкін емес. Бұл пассив құрылымдарын анықтаудың негізгі ерекшеліктері болып саналады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымындағы етістіктер өткен шақтық есімше арқылы берілген жағдайда, өзіндік мағынасымен іс-әрекеттің аяқталуын көрсетеді. Мысалы: «Төрт бөлмелі ағаш үй салынып, ауылнай үшкөл ашылған» [3, 113 б.]. «Хабар жіберілген еді». «Сөз айтылған болды».

Сөз жоқ, пассив құрылымдарында лексикалық тұрғыдан белгіленген субъект бастауыш рөлін атқармайды. Бұл пассив құрылымдарының басты ерекшелігіне жатады. Пассив (ырықсыз етіс) құрылымын жасауы, оның қазақ тіліндегі синтаксистік, семантикалық ерекшеліктерін анықтаумен бірге, құрылысын кешенді түрде талдау арқылы өткізіледі. Етістік лексикасын субъект-объектілік қатынастықпен қарама-қарсы қою – қазақ тілінің негізгі ерекшелігінің бірі болып саналады. Сондықтан да, етістікке анықтама жасауда, ең әуелі, жағдаяттың қатыстығын субъектіден бастап, кейінірек, оның объектіге қатынастығы белгіленеді. Сөйлем синтаксисінің құрылымы жағдаятты белгілей отырып, қатысушыларын да анықтайды. Негізінен, сөйлемнің сыртқы құрылысы да назардан тыс қалмайды. Сөйлемнің синтаксистік сипаты синтаксистік субъект (бастауыш) пен синтаксистік предикат (баяндауыш) болатын, тиісті құралдар арқылы анықталады.

Жоғарыдағы айтылғандай, пассив құрылымдарында субъект бастауыш ретінде болмайды. Көркем шығармадан келтірілген сөйлемдердегі пассив (ырықсыз етіс) құрылымдары, көбінесе, мынадай бөлшектерден тұрады: бастауыш, баяндауыш пен толықтауыш, осылар арқылы сөйлем көлемінде

субъекті-объектілік қатынастар атқарылады. Біздің ойымызша, бұндай құрылымдардың элементтеріне толықтауыш еніп, оның құрылымдық-мағыналық жақтарын қамтамасыз етудің маңызы зор. Ырықсыз етісті сөйлемдерді талдау барысында бұндай синтаксистік құрылымдарда етістік қоршауында бірнеше толықтауыштар болуы мүмкін:

- тура толықтауыштар; мысалы: «Семейде мұғалімдер курсы ашылғалы жатыр» [3, 109 б.].

- есімдікпен берілген толықтауыштар;

- актив (негізгі етіс) түрінде қолданылатын жанама толықтауыштар;

- пассив (ырықсыз етіс) түрінде қолданылатын – агенс толықтауышы.

Пассивтік (ырықсыз етісті) сөйлемде толықтауыштың ерекше рөл атқаратындығын ескере келе, оның анықтамасын беруді жөн көрдік. Сонымен, «баяндауышқа қатынасты болып, қимыл-әрекеттің объектісін білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін толықтауыш деп атайды» [2, 163 б.]. Сөйлемнің пассивтік құрылымын толық қарастыру үшін, оның құрастыруындағы тек қана тілдік бірліктерінің синтаксистік ерекшеліктерін меңгеру жеткілікті емес. Сондықтан, сөйлем ұғымының құрылымын, яғни адам ойының шығу тәсілінің формасын да, меңгеру қажет. Көптеген ғалымдардың пікірлері бойынша, сөйлем семантикасының ілімі адам санасындағы болмыстың қабылдау қағидасы негізінде құрастырылған, өйткені сөйлем семантикасында тұлғаның экстралингвистикалық қызметі көрініс табады. Берілген үлгінің семантикалық құрылымын мазмұны бойынша нақты жағдаят болмысының екі зат арасындағы қатынас санамызда орын алып, сөйлемнің семантикалық үлгілер бөлшектерінде көрініс табады. Сондай-ақ, көрініс тауып, шығуы бойынша, бөлшектері қолданыла келе, араларында қарым-қатынастық орныға бастайды. Сөйлемнің семантикалық деңгейі не туралы айтылған бөлшектің құрылымын көрсетеді, яғни сөйлемнің мазмұнын жеткізеді. Семантикалық субъект нақты қимыл жасаушыны белгілеп, немесе жағдайға тап болушыны көрсетеді.

Сөйтіп, семантикалық субъект пен предикат жағдаяттың құрылымымен анықталады. Тіл білімінде агентивтік толықтауыштың синтаксистік категориясы ретінде болуы – ырықсыз етіс категориясының дамуындағы тиісті шарттарының біріне жатады.

Демек, қазақ тілінде толықтауыштың бұл түріне қатысты, мынадай анықтама бар. «Табыс септігінен басқа септіктердің біреуінің жалғауын жалғап, салт етістікке қатысты болуы арқылы жанама объектіні білдіретін толықтауышты жанама толықтауыш деп атайды» [2, 164 б.]. Мысалы: «Осының бәрі Қартқожаның еңсесін көтертпей, жүдетіп жүрген үстіне аяғына шарапнелдің сынығы тиіп, лазеретке жіберілді» [3, 98 б.].

Қазақ тіліндегі етіс категориясы, соның ішінде, ырықсыз етіс категориясы, туралы айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады:

- тіл білімінде пассив (ырықсыз етіс) ұғымына қатысты, грамматикалық құбылыс ретінде «пассивизациялық» ұғымның өзіндік ерекшеліктері бар;

- тіл білімінде пассив құрылымының нақты орныққанын – актив пен пассив формаларын өзара байланыста қарастырғаннан байқаймыз;

- жалпы алғанда, «пассивизация» құбылысы дегеніміз – актив формасының тиісті пассив формасына ауысу түзілімін айтамыз;

- пассив – қатарлас екі синтаксистік құбылыстың өту нәтижесінде: біріншісі, тура толықтауыш сөйлемнің бастауышына шығып, екіншісі, бастауыштың «агентивтік толықтауышқа» рөліне түсіп қалуымен сипатталады;

- пассивтің, грамматикалық категория ретінде, екі мағынасы бар: үрдіс пен нәтиже;

- негізінен, пассивте агентивтік толықтауыштың болғаны – оның құрылымына үрдіс мағынасын береді;

- сондай-ақ, агентивтік толықтауышқа ие пассив құрылымдары қимылдың аяқталу нәтижесіндегі мағынада болуы мүмкін;

- пассив құрылымында етістік басты рөл атқарады.

Жоғарыда пассив (ырықсыз) етіс зерттеуін жүйеге келтіру негізінде морфологиялық және семантикалық-синтаксистік категорияларға негізделген, олардан базалық принциптерді белгілеуге болатын, жіктеліс құрылымы жатыр.

Пассивтік құрылымдарды жасауда лексика саласы тиісті ықпал тигізеді, сондықтан сапалы түрде, сөйлем құрамында етістік лексикасының элементі ретінде, етістіктерді зерттеу талап етіледі, өйткені етістік сөйлем шыңы бола тұра, сол сөйлемнің жағдаятын белгілейді.

Қорытынды

Сайып келгенде, етіс категориясы етістік ядросымен сөйлемнің тууына жағдай жасайды. Соның нәтижесінде етістіктер сөйлемнің бүтіндей қалпын сақтауға ықпалын тигізеді. Етістіктер арқылы тура толықтауышты қолданатын, сонымен, етістікті – тура құрылымның толықтауышымен анықтайтын, кейбір құрылымдар жасалады.

Пассив (ырықсыз) етісі бар сөйлемді құрастырғанда, қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік пен семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіншілік беретіндей, оның құрылымдарын кешенді түрде талдау арқылы қарастырған жөн. Қазіргі қазақ тілінде пассив құрылымы үш негізгі бөлшектен тұратын, құрылымды қолданады, олар: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, солар арқылы субъект-объектілік қатынастар пайда болады.

Сөйлемнің мағынасын айқын ашатындай ырықсыз етісті сөйлемде толықтауыштың болуы шарт. Кейбір жағдайларда толымсыз сөйлемдерде толықтауыштар болмауы мүмкін, бұндай құбылыс көбінесе ауызекі сөйлеу, диалог құрамында болуы мүмкін.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, ырықсыз етістің өзінің сипатына қарай, көркем шығарма тілінде ерекше рөл атқарады. Қимыл иесі көрінбесе де, іштей динамикалық іс-әрекетіне ие. Сондықтан пассив (ырықсыз) етіс категориясы актив пен пассив түрлерінің өзара байланысын көрсетіп, сөйлем құрамында ядролық қалыпта етістіктің орын алып, сөйлемнің нақты қазығы мен тірегі болып саналады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Храковский, В. С.** Пассивные конструкции // В кн. : Типология пассивных конструкций. Диатезы и залого. – Л., 1974. – 114 с.

2 **Бектұров, Ш., Серғалиев, М.** Қазақ тілі : жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық. – Алматы : Білім, 1994. – 224 б.

3 **Аймауытов, Ж.** Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар // Шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.

4 Қазақ тілі (анықтамалық) : фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Алматы, 2004. – 49 б.

5 **Холодович, А. А.** Залог (определение и исчисление) // В кн.: Категория залого. – Л., 1970.

6 **Теньер, Л.** Основы структурного синтаксиса : Пер. с фр. – Прогресс, 1988.

7 **Кацнельсон, С. Д.** Типология языка и речевое мышление. – Л., 1972. – 268 с.

8 **Имамбаева, Ф. Е.** Етіс табиғатының функционалдық сипаты : оқу құралы / Ф. Е. Имамбаева. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2014. – 192 б.

9 **Имамбаева, Г. Е.** Сопоставительный анализ страдательного залого в казахском и русском языках / На материале художественных произведений и их переводов. – Павлодар : ЭКО, 2014. – 144 с.

10 **Имамбаева, Ф. Е.** Етіс табиғатының ғылыми негіздері: оқу құралы., 2-басылым. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2014. – 408 б.

References

1 **Khrakovskiy, V. S.** Passivnyye konstruktсии // V kn. : Tipologiya passivnykh konstruktсий. Diatezy i zalogi. – [Passive constructions]. In KN. : Typology of passive constructions. Diathesis and voice. – L., 1974. – 114 p.

2 **Bekturov, Sh., Serǵaliev M.** Qazaq tili : joǵary oqý oryndaryna túsýshilerge arnalǵan oqýlyq [Kazakh language : textbook for applicants to higher educational institutions. Almaty: Bilim publ., 1994. – 224 p.

3 **Aımaýytov, J.** Romandar, povest, ángimeler, pesalar. Shyǵarmalar. – [Novels, novellas, short stories, plays // works]. – Almaty : Jazýshy, 1989. – 560 p.

4 Qazaq tili (anyqtamalyq) : fonetika, leksika, sózjasam, morfologıa, sintaksıs. [Kazakh language (reference) : phonetics, vocabulary, word formation, morphology, syntax]. – Almaty, 2004. – 49 p.

5 **Kholodovich, A. A.** Zalog (opredeleniye i ischisleniye). V kn.: Kategoriya zaloga. – L., 1970. [Voice (determination and determination)]. – In.: Category of Voice. – L., 1970.

6 **Tenyer, L.** Osnovy strukturnogo sintaksisa : [Fundamentals of structural syntax]. – transl. from Fr. – Progress, 1988.

7 **Katsnelson, S. D.** Tipologiya yazyka i rechevoye myshleniye. [Typology of language and recitative]. – L., 1972. – 268 p.

8 **Imambaeva, Ğ. E.** Etis tabıǵatynyń fýnksionaldyq sıpaty : oqý quraly [Functional character of the nature of verbs : textbook]. Ed. G. E. Imambayeva. – Almaty : Arys publishing house, 2014. – 192 p.

9 **Imambayeva, G. Ye.** Sopostavitel’nyy analiz stradatel’nogo zaloga v kazakhskom i russkom yazykakh. Na materiale khudozhestvennykh proizvedeniy i ikh perevodov. [Support analysis of the terrible consequences in Kazakh and Russian languages. On the material of high-quality productions and their translations]. – Pavlodar : eco, 2014. – 144 p.

10 **Imambaeva, Ğ. E.** Etis tabıǵatynyń ǵylymı negizderi : oqý quraly., 2-basylym. – [Scientific foundations of the nature of verbs : a textbook., 2nd edition]. – Almaty : Arys publishing house, 2014. – 408 p.].

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. Е. Имамбаева¹, Н. А. Шахметова², А. Б. Ахметова³

Функциональная природа страдательного залога в языке художественной литературы

¹Инновационный Евразийский университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар,

²Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Сегедский университет, Венгрия, г. Сегед.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Научная статья посвящается одному из вопросов нового направления в языкознании – лингвистики текста. В статье производится аналитический обзор сформировавшихся в казахском языкознании научных точек зрения по вопросу категории залога: рассматриваются вопросы определения категории залога как категории, сложившейся исторически, описания лексического значения страдательного залога, выявления семантических, синтаксических и функциональных особенностей форм актива-пассива. Лексические, морфологические и синтаксические признаки страдательного залога, определяющие его семантику, рассматриваются комплексно, внутри функционально-семантического поля. Принадлежность залога к лексико-грамматической категории определяется значением глагола, от которого он образован. Разные лексические значения глагола приводят к образованию различных видов залога. Каждый залог характеризуется лексико-синтаксическим ореолом. Вместе с тем глагольная лексика и ее синтаксические конструкции образуют целостную структуру. В данной статье анализируются те глаголы в системе залога, которые способствуют взаимодействию семантической и синтаксической структуры предложения. Они рассматриваются в качестве ядра функционально-семантического поля, определяющего ситуацию в предложении. В этом отношении в настоящем исследовании выявляется функциональная роль страдательного залога в языке художественной литературы.

Ключевые слова: категория залога, страдательный залог, лексическое значение, активная конструкция, пассивная конструкция, функционально-семантическое поле.

G. E. Imambayeva, N. A. Shakhmetova, A. B. Akhmetova

The functional nature of the passive voice in the language of literary fiction

Innovative Eurasian University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar,

Toraigyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar,

University of Szeged, Hungary, Szeged

Material received on 18.09.20

The scientific article is devoted to one of the issues of a new direction in linguistics – the linguistics of the text. The article provides an analytical review of the scientific points of view formed in Kazakh linguistics on the issue of the pledge category: the issues of defining the pledge category as a category that have developed historically, describing the lexical meaning of the passive voice, identifying the semantic, syntactic and functional features

of the asset-liability forms are considered. The lexical, morphological and syntactic features of the passive voice, which determine its semantics, are considered comprehensively, within the functional-semantic field. Whether a voice belongs to a lexical and grammatical category is determined by the meaning of the verb from which it is formed. Different lexical meanings of the verb lead to the formation of different types of voice. Each voice is characterized by a lexical and syntactic halo. At the same time, the verbal vocabulary and its syntactic constructions form an integral structure. This article analyzes those verbs in the voice system that contribute to the interaction of the semantic and syntactic structure of the sentence. They are considered as the core of the functional-semantic field that defines the situation in the sentence. In this regard, this study reveals the functional role of the passive voice in the language of fiction.

Keyword: category of voice, passive voice, lexical meaning, active construction, passive construction, functional and semantic field.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz